



## Қазақстан Республикасының Кеден-тариф кеңесін құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1993 жылғы 27 желтоқсан N 1478. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.08.13. N 3615 Жарлығымен. ~U973615

Бірыңғай әрі тиімді кеден-тариф саясатын әзірлеу мақсатында және "Кеден тарифі мен баж салығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаулы етемін:

1.

<\*>

<\*>

Ескерту: 1-тармақ алынып тасталған - ҚР Президентінің 1995.12.01. N 2030 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Кеден-тариф кеңесі туралы Ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Алматы. 1993 жылғы 27 желтоқсан  
N 1478

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1993 жылғы 12 желтоқсандағы  
N 1478 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Кеден-тариф  
кеңесі туралы

## Ереже

Қазақстан Республикасының Кеден-тариф кеңесі (бұдан былай - Кеңес) республиканың бірыңғай кеден-тариф саясатын талдап жасау, импорт өнімдерін қазақстандық тұтынушылардың және республикада осындай өнімдерді өндірушілердің өзара мүдделерін мүмкіндігіне қарай барынша қанағаттандыру үшін алғы шарттар жасау, экспорт құрылымын дамыту мен жақсартуға қолайлы жағдай туғызу және отандық өнеркәсіп салаларын қорғау үшін құрылған үйлестіруші-кеңесші орган болып табылады.

### I. Кеңестің мақсаттары

Кеңестің мақсаттары мыналар:

1. Мемлекеттің сауда-саяси мүдделерін, оның ішінде кеден баж салығын белгілеу, жою және өзгерту, тарифтік жеңілдіктер мен преференциялар беру туралы, сондай-ақ отандық тауар өндірушілер мен оны тұтынушылардың, республикалық бюджеттің мүдделерін еске ала отырып Қазақстан Республикасының кеден тарифінің номенклатурасын өзгерту туралы ұсыныстарды ескеріп, Қазақстан Республикасының бірыңғай кеден-тариф саясатын әзірлеу.

2. Кеден-тариф саясаты саласында жекелеген елдер мен олардың

одақтарының Қазақстан Республикасына қарсы кемсітушілік іс-әрекеттеріне жауап шараларды талдап жасау.

3. Республиканың кеден аумағына тауарлар әкелуді және оларды бұл аумақтан әкетуді кеден-тарифтік реттеудің тиісті шараларын әзірлеу жолымен Қазақстан Республикасының тұтыну және өнеркәсіп нарықтарын қорғау.

4. Қазақстан Республикасының заң актілері мен халықаралық шарттары жобаларының кеден-тарифтік реттеуге қатысты бөлігін қарау және олардың жобалары бойынша қорытынды дайындау.

### II. Кеңестің функциялары

Кеңестің функциялары мыналар:

5. Қазақстан Республикасы Кеден саясатының негізгі бағыттары, оның ішінде:

а) номенклатурасы Тауарлардың үйлестірілген сипаттамасы мен кодирлеу жүйесіне негізделетін Қазақстан Республикасының кеден тарифі (бұдан былай - тариф);

ә) тарифтің баж салығының, сондай-ақ тауарлардың экспортына немесе импортына байланысты және кедендік баж салығы сияқты экономикалық тиімділігі бар өзге де салықтардың, алымдар мен төлемдердің ставкаларын белгілеу, жою немесе өзгерту тәртібі;

б) тарифтік жеңілдіктер мен преференциялар беру тәртібі;

в) демпингке қарсы, өтем жасау және басқа арнаулы кеден баж салықтарын қолдану туралы нормативті актілер;

г) осы бөлімнің "в" тармақшасында келтірілген кеден баж салықтарын қолдану туралы шешімдерді қабылдаудан бұрын қажетті процедураларды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі;

д) тарифтік тауар номенклатурасын өзгерту жөніндегі ұсыныстар;

е) тарифтік емес шектеулерді қолдану жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу және қарау.

Кеден-тариф кеңесінің ұсыныстары белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне табыс етіледі.

6. Мыналарды:

а) Қазақстан Республикасының ресми делегациялары кеден-тарифтік реттеу мәселелері және Кеңестің құзырына жатқызылған басқа да мәселелер бойынша халықаралық келіссөздер жүргізіп, консультация алысу кезінде оларға берілетін тапсырмаларды;

ә) Қазақстан Республикасының тұтыну және өнеркәсіп нарықтарын қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу, қарау және бекіту.

7. Қазақстан Республикасының кеден заңдары халықаралық нормалармен мүмкіндігінше неғұрлым жоғары дәрежеде бірыңғай сипатта және келісілген болуына қол жеткізу жөніндегі нақты ұсыныстарды талдап жасау мақсатымен халықаралық кеден ынтымақтастығы мәселелерінің бүкіл жиынтығын, шет елдердегі кеден ісінің техникалық аспектілерін зерделеу.

8. Қазақстан Республикасының бүкіл кеден аумағында:

а) тауарларды декларациялау мақсатымен оларды жіктеу, кеден тарифін және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану үшін, номенклатура мәселелерін қоса

алғанда, қазіргі кеден заңдары;

ә) кеден статистикасын қалыптастыру процедурасы;

б) кеден салығын салу және бақылау мақсатымен тауарлар мен өзге де заттар жасалған елді анықтау ережелері;

в) кеден мақсаттары үшін тауарлар мен өзге де заттардың құнын анықтау ережелері;

г) кеден баж салығын белгілеу, жою және өзгерту тәртібі;

д) Қазақстан Республикасы қатысатын кеден ісі саласындағы халықаралық келісімдер бірыңғай түсініліп, қолданылуын қамтамасыз ететін ұсыныстарды әзірлеу.

9. Кеден-тарифтік реттеудің процедурасына қатысты ақпаратты, кеден ісі жөніндегі ұсыныстарды мүдделі жақтарға тарату.

10. Кеңестің құзырына енетін мәселелер бойынша халықаралық экономикалық ұйымдармен ынтымақтасу.

11. Мынадай:

а) әкелінетін және әкетілетін кеден баж салығын, оның ішінде жеке пайдаланылатын заттарға да, сондай-ақ жеке пайдаланылатын заттарды әкелу мен әкетуге арналған құндық және сандық квоталарды белгілеу;

ә) кеден-тарифтік реттеу мақсатында, сондай-ақ кеден статистикасын жетілдіру мүдделері үшін Қазақстан Республикасының тауар номенклатурасына өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар жасау.

12. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

а) құрастыру, монтаждау, ұқсату немесе өңдеу үшін халықаралық өндіріс кооперациясы шеңберінде әкелінген тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкеткен, сондай-ақ мұндай тауарлар үшін баж салығын төлеуден босатылған жағдайда кеден баж салығын қайтару шарттарын анықтайды;

ә) өз қызметіне қажетті құжаттар мен мәліметтерді республиканың мемлекеттік басқару органдарынан, заңды ұйымдар мен жеке адамдардан, банк мекемелерінен алдыруға сұрау салу жібереді және оларды алады.

### III. Кеңес мүшелері

13. Кеңестің төрағасы мен мүшелерін Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

14. Кеңес жұмысына Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемкомитеттерінің және ведомстволарының өкілдері немесе Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген, импортталатын немесе экспортталатын тауарларды өндіретін нендей бір халық шаруашылығы саласының (кәсіпорындар

, ұйымдар, фирмалар, одақтар, бірлестіктер

және басқалар), сондай-ақ сауда мен тұтынушылар бірлестігінің өкілі болып табылатын заңды тұлға кеңесші дауыс құқығымен қатыса алады.

#### IV. Жұмыс аппараты

15. Кеңестің жұмыс аппаратының функциясын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

Қажет болған жағдайда Кеңес өз жұмысына жәрдемдесу үшін мамандандырылған техникалық комитеттер құрады.

#### V. Кеңестің мәжілістері

16. Кеңестің мәжілістері қажет болуына қарай өткізіледі.

17. Кеңестің кезекті мәжілісінің шамалас күн тәртібі мен барлық материалдары алдағы болатын мәжіліс туралы хабарлай отырып, мәжіліс басталарда 15 күн бұрын Кеңес мүшелерінің бәріне жіберіледі.

18. Күн тәртібіне қосу үшін Кеңес мүшелеріне ұсынылатын мәселелер Кеңестің кезекті мәжілісінен 15 күнтізбелік күн бұрын шамалас күн тәртібі мәселелерінің қосымша тізбесіне енгізіледі.

19. Мәжіліс кезеңінде Кеңес мәжіліс ашыларда өзі бекіткен түпкілікті күн тәртібіне кез келген уақытқа өзгерістер енгізуге құқылы.

20. Кеңес мүшелерінің кемінде бесеуі қатысатын болса, мәжіліс құқылы деп саналады.

21. Кеңестің шешімдері оның құрамына енетін адамдар мен мәжілісіне қатысып отырғандардың жалпы келісуімен қабылданады. Төрт ай ішінде келісуге қол жеткізілмеген жағдайда шешім осындай адамдардың көпшілік даусымен ( үштен екісінің) қабылданады.